


Шағын аккумулятор
10 000 mAh Mi Wireless Power Bank Essential
Пайдаланушы нұсқаулығы



Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны құрылғымен одан әрі жұмыс істеу кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғыға шолу

10 000 mAh Mi Wireless Power Bank Essential сымсыз шағын қуаттау құрылғысын таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Бұл жоғары сыйымдылықты сыртқы аккумулятор жоғары сапалы литий-полимерлі аккумулятор элементімен, сондай-ақ жоғары сапалы қауіпсіздікті, тиімділікті және үйлесімділікті қамтамасыз ететін қуаттау және қуатсыздандыру чіпімен жабдықталған. Құрылғы сымды және сымсыз қуаттауға арналған.




Mi Wireless Power Bank Essential 10 000 mA-сағ шағын аккумуляторы сымды қуаттау және қуатсыздандыруды автоматты түрде анықтайды. Аккумулятор толық қуатсызданғаннан кейін шамамен екі минуттан кейін қуат деңгейі индикаторы сөнеді. Қауіпсіздігі: бұл сыртқы аккумулятордың құрылғыны шамадан тыс қуаттаудан немесе қуатсызданудан, қызып кетуден және кез-келген жұмыс күйінде қысқа тұйықталудан қорғайтын қауіпсіздік функциялары бар. Жылдам қуаттау: құрылғыны зарядтау үшін USB-A шығысын пайдаланған кезде максималды шығыс қуаты 18 Вт құрайды. USB-A жылдам зарядтау режимін қолдайды 5 В/2,4 А, 9 В/2 А, 12 В/1,5 А.

Үйлесімділігі: көптеген ұялы телефондар мен, басқа құрылғылармен үйлесімді кіріктірілген интеллектуалды USB-контроллері. Сапасы: жоғары сапалы литий-полимерлі аккумулятор, сондай-ақ ұзақ уақыт жұмыс істейтін қуаттау және қуатсыздандыру чіпі.

Қуаттау

Шағын аккумуляторды USB-C порты арқылы қуаттау үшін Мі желілік адаптері мен кабелін пайдаланыңыз. Қуаттау кезінде индикатор батареяның қуат деңгейін келесідей көрсетеді:



| Қуат деңгейі | LED1 | LED2 | LED3 | LED4 |
|----------------|------------|------------|------------|------------|
| 0-25% | Жыпылықтау | Жанбайды | Жанбайды | Жанбайды |
| 25-50% | Жанады | Жыпылықтау | Жанбайды | Жанбайды |
| 50-75% | Жанады | Жанады | Жыпылықтау | Жанбайды |
| 75-99% | Жанады | Жанады | Жанады | Жыпылықтау |
| Толық қуаттау | Жанады | Жанады | Жанады | Жанады |
| Қуаттау қатесі | Жыпылықтау | Жыпылықтау | Жыпылықтау | Жыпылықтау |

Қуатсыздану

Бұл сыртқы аккумулятор құрылғыларды USB-A кабелі және сымсыз байланыс арқылы қуаттайды. Қуаттау кезінде индикатор аккумулятордың қуат деңгейін келесідей көрсетеді:

| Қуат деңгейі | LED1 | LED2 | LED3 | LED4 |
|--------------|------------|------------|------------|------------|
| Шекті | Жанбайды | Жанбайды | Жанбайды | Жанбайды |
| 0-25% | Жыпылықтау | Жанбайды | Жанбайды | Жанбайды |
| 25-50% | Жыпылықтау | Жыпылықтау | Жанбайды | Жанбайды |
| 50-75% | Жыпылықтау | Жыпылықтау | Жыпылықтау | Жанбайды |
| 75-100% | Жыпылықтау | Жыпылықтау | Жыпылықтау | Жыпылықтау |

Әлсіз тоқты разряд: сыртқы аккумулятор қуатталмаған кезде, әлсіз тоқты разряд режиміне өту үшін қуат деңгейін тексеру батырмасын екі рет басыңыз. Бұл режимді Bluetooth гарнитуралары немесе ақылды білезіктер сияқты шағын құрылғыларды қуаттау үшін пайдалануға болады. Бұл режимді пайдалану кезінде индикаторлар кезектесіп жыпылықтайды. Әлсіз тоқты разряд режимінен шығу үшін қуат деңгейін тексеру батырмасын басыңыз. Екі сағаттан кейін құрылғы автоматты түрде осы режимнен шығады.

Сымсыз қуаттау функциясын қосу үшін батареяның қуат деңгейін тексеру батырмасын бір немесе екі рет асыңыз немесе қуат көзі адаптерін шағын аккумуляторға қосыңыз. Осыдан кейін сымсыз зарядтау индикаторы жанады және сыртқы аккумулятор сымсыз қуаттауды күту режиміне өтеді.

Сымсыз қуаттау функциясын өшіру үшін батареяның қуат деңгейін тексеру батырмасын 3 секундтан артық уақыт басып тұрыңыз. Сымсыз қуаттау индикаторы сөнеді. Индикатор жұмыс күйін келесідей көрсетеді:

| | |
|-----------------------|---------------------------|
| Жұмыс күйі | Сымсыз қуаттау индикаторы |
| Күту | Баяу жыпылықтайды |
| Құрылғыны қуаттау | Жанады |
| Қуаттау қатесі | Жыпылықтайды |
| Қуат көзі сөндірілген | Жанбайды |


Егер сымсыз қуаттау алаңында сымсыз қуаттауды қолдайтын құрылғы табылмаса, 1 минуттан кейін сымсыз қуаттау функциясы өшеді.

Егер сымсыз қуаттауды қолдайтын құрылғы табылып, бірақ содан кейін сымсыз қуаттау алаңынан шығарылса, сымсыз қуаттау функциясы 1 минуттан кейін өшеді, содан кейін сыртқы аккумулятор ұйқы режиміне өтеді. Ұйқы режимінде сыртқы аккумулятор сымсыз қуаттауды қолдайтын кез-келген құрылғы әр 10 минут сайын сымсыз қуаттау алаңында болатындығын автоматты түрде анықтайды. Құрылғыны анықтағаннан кейін сымсыз қуаттау қосылып, сыртқы аккумулятор құрылғыны қуаттауды бастайды.

* Ұйқы режимі: сымсыз қуаттау индикаторы және аккумулятор қуатының деңгейі индикаторы сөндірілген.

| Аккумулятор қуатының деңгейін тексеру батырмасы | Сымсыз қуаттау | Сыммен қуаттау Баяу жыпылықтайды |
|---------------------------------------------------|----------------|----------------------------------|
| Басу | Қос. | Қос. |
| Екі рет басу | Қос. | Әлсіз тоқты разряд режимі |
| Батырманы басып, 3 секундтан артық басып тұрыңыз. | Сөнд. | Сөнд. |

Сымсыз қуаттау кезінде телефонды сымсыз қуаттау алаңының ортасына қойыңыз. Егер телефон бірден қуаттауды бастамаса, қуаттау белгішесі пайда болғанша оны жылжытыңыз (құрылғының дұрыс орналасуы төмендегі суретте көрсетілген).



Ескерту

Шағын аккумулятор смартфондар мен басқа шағын құрылғыларды қуаттауға арналған. Құрылғыны дұрыс пайдаланбау аккумулятордың дұрыс жұмыс істемеуіне, қызып кетуіне, өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін. Жарақат пен материалдық залалдың алдын алу үшін осы құрылғыны осы нұсқаулыққа сәйкес сақтаңыз және қолданыңыз.

- Бұл құрылғы — ойыншық емес. Оны балалардың қолы етпейтін жерде сақтаңыз. Жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Сыртқы аккумуляторға қолданылатын қуаттау құрылғысының электр тогының соғуына немесе аккумулятордың зақымдалуына жол бермеу үшін жергілікті қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Сыртқы аккумуляторды қысымға, соққыларға, қатты тербелістерге ұшыратпаңыз және сұйықтыққа тигізбеңіз. Осы әрекеттердің кез-келгені қысқа тұйықталуға, аккумулятордың немесе электр желісінің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда сыртқы аккумуляторды пайдалануды дереу тоқтатып, оны дұрыс кәдеге жаратыңыз.
- Егер сыртқы аккумулятор ісінген, деформацияланған болса, ағып кетсе немесе оның сыйымдылығы айтарлықтай төмендеген болса, оны дереу қолдануды тоқтатып, тиісті түрде кәдеге жаратыңыз.
- Сыртқы аккумуляторды қызып кету ықтималдығы жоғары жерлерде, мысалы, қалтада, жабық сөмкеде, төсекте немесе диванда пайдаланбаңыз. Сыртқы аккумуляторды киіммен, жастықтармен, көрпемен және басқа заттармен жаппаңыз, сондай-ақ сымсыз қуаттау кезінде телефондар мен басқа құрылғылар қызып кетпейтініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны бөлшектемеңіз, сындырмаңыз, теспеңіз және тұйықтамаңыз. Оны ылғалға, отқа, жылу көздеріне, мысалы: пештер мен жылытқыштарға тигізбеңіз. Оны +60 °C (+140 °F) жоғары температураға ұшыратпаңыз.
- Ыстық ауа-райында сыртқы аккумуляторды автомобильде немесе басқа жерлерде тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпау үшін қалдырмаңыз.
- Құрылғының литий-полимерлі аккумуляторы бар. Аккумулятордың ықтимал зақымдануын немесе басқа қауіптердің пайда болуын болдырмау үшін корпусты ашуға қатаң тыйым салынады.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны бірінші қолданар алдында толығымен қуаттап алыңыз.
- Сыртқы аккумуляторды немесе басқа құрылғыларды қуаттау үшін тиісті қуаттау құрылғысын және USB-кабелді пайдаланыңыз (Mi сауда белгісі ұсынылады).
- Егер сыртқы аккумулятор қорғаныс тысқабы кигізілген құрылғыны сымсыз қуаттау үшін пайдаланылса, онда бұл тысқапта металл компоненттерің жоқтығына және оның қалыңдығы 4 мм-ден аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Шағын аккумуляторды қуаттау үшін қолданылатын қуат адаптерінің 5V/1A немесе одан жоғары шығысы немесе Quick Charge QQ 3.0. жылдам қуаттау режимі болуы тиіс.
- Қуаттау кезінде сыртқы аккумуляторды бақылаңыз. Бөлмеден шықпас бұрын немесе оны ұзақ уақыт қараусыз қалдырмас бұрын оны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Сыртқы аккумуляторды толық қуаттағаннан кейін немесе онымен басқа құрылғылар толық қуаттағаннан кейін, кабельді желіден уақтылы ажыратыңыз. Басқа құрылғыны толығымен қуаттау үшін сымсыз қуаттау функциясын қолданғаннан кейін, энергияның тұтынылуын тоқтату үшін құрылғыларды қуат беру блогынан уақтылы шығарыңыз.
- Егер батырманы басқаннан кейін қуаттау деңгейі көрсетілмесе, сыртқы аккумулятор қорғаныс режиміне өткен болуы мүмкін. Оның жұмысын қайта бастау үшін сыртқы қуаттау құрылғысын қосып көріңіз.
- Егер сіз сыртқы аккумуляторды ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, аккумулятордың қуаттау деңгейін 25-50% деңгейінде ұстаңыз және оны салқын, құрғақ жерде сақтаңыз. Сыртқы аккумулятордың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін оны толық қуатталған немесе қуатсыз күйінде ұзақ уақыт сақтауға болмайды.
- Магнит жолағы немесе чипі бар карталарды (мысалы, ID және банк карталары) бұйымның жанына қоймаңыз, себебі бұл оларды зақымдауы мүмкін.
- Сыртқы аккумулятор осы құрылғылардың жұмысына кедергі келтірмеу үшін имплантацияланған медициналық құрылғылардан (жүрекширатқыштар мен кохлеарлық импланттарды қоса алғанда) кемінде 20 см қашықтықта болуы тиіс.

Ескерту: пайдаланушы нұсқаулығындағы бұйымның, құрауыштарының және пайдаланушы интерфейсінің суреттері тек таныстыру мақсатында ұсынылған.

Аспаптың нақты сипаттамалары және оның функциялары өнімнің жақсартуларына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Үлгісі: WPB15ZM.

Аккумулятордың түрі: литий-полимерлі аккумулятор.

Сыйымдылығы: 10000 мА-сағ, 3,7 В (37 Вт-сағ).

Номиналды сыйымдылығы: 5800 мА-сағ (5 В/2,4 А).

Жұмыс температурасы: 5 °С-ден 35 °С дейін.

Бұйымның өлшемдері: 14,79 см x 7,06 см x 1,66 см.

Кіру порты: USB-C.

Шығу порты: USB-A.

Кіру: USB-C (бір порт): 5 В=2,4 А, 9 В=2 А, 12 В=1,5 А.

USB-C кірісі (бір уақытты USB-A шығысы): 5 В=2,4 А.

USB-C кірісі (бір уақытты сымсыз шығыс): 5 В=2 А, 9 В=2 А, 12 В=1,5 А.

USB-C кірісі (бір уақытты USB-A және сымсыз шығыс): 5 В=3 А.

Сымсыз қуаты: 10 Вт (макс.).

Сымды шығысы: (USB-A) 5 В=2,4 А 9 В=2 А 12 В=1,5 А (макс.).

Бір уақытты сымды және сымсыз шығыс: 15 Вт.

Сымсыз қуаттау арақашықтығы: ≤5 мм.

Жұмыс жиілік ауқымы: 110-148 кГц.

Қуаттау уақыты:

- Шамамен 4 сағ (қуаттау құрылғысы 9 В/2 А немесе 12 В/1,5 А және қуаттау кабелі жиынтыққа кіреді).
- Шамамен 6 сағ (қуаттау құрылғысы 5 В/2 А және қуаттау кабелі жиынтыққа кіреді).

Қолдан жасаудан қорғауға арналған жапсырмадағы нұсқаулар

Әрбір 10 000 mAh Mi Wireless Power Bank Essential сыртқы аккумуляторының қаптамасында қолдан жасаудан қорғауға арналған жапсырма бар. Өнімнің тұпнұсқалығын тексеру үшін қауіпсіздік қабатын өшіріп, chaxun.mi.com сайтында қауіпсіздік кодын енгізіңіз.



Қолдан жасаудан қорғауға арналған жапсырма Өшірілген қорғаныс қабаты бар жапсырма

Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмысына, сондай-ақ материалдардың және оның құрылымында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған күнінен басталады және тек жаңа өнімдеріне ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдалану шарты сақталғанда тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына мекенжайы бойынша:
<http://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болса монтаждауды және тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °C бастап 40 °C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі өтіп кеткеннен кейін, оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейін қайта өңдеу және кәдеге жарату мақсатында тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату үшін тапсырылуы тиіс. Осы бұйымның дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстардың сақтап қалуға септігіңізді тигізесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғының жарамсыздықтарын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цыми Корпорэйшн.

A913, Чэнцзян тас жолы N159, Цзяньинь қ., Цзянсу пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Айрықшаламалар, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықтамасы және атқарымы, пайдаланушыға алдын ала хабарламай, өзгертілуі мүмкін.



СБ МІ.

Тауардың өндірілген күні, кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.